



ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ
БІЛІМ ЖӘНЕ ҒЫЛЫМ МИНИСТРЛІГІ
МИНИСТЕРСТВО ОБРАЗОВАНИЯ И НАУКИ
РЕСПУБЛИКИ КАЗАХСТАН
MINISTRY OF EDUCATION AND SCIENCE
OF THE REPUBLIC OF KAZAKHSTAN



Л. Н. ГУМИЛЕВ АТЫНДАҒЫ
ЕУРАЗИЯ ҰЛТТЫҚ УНИВЕРСИТЕТІ
ЕВРАЗИЙСКИЙ НАЦИОНАЛЬНЫЙ
УНИВЕРСИТЕТ ИМ. Л. Н. ГУМИЛЕВА
GUMILYOV EURASIAN
NATIONAL UNIVERSITY



Студенттер мен жас ғалымдардың
«Ғылым және білім - 2015»
атты X Халықаралық ғылыми конференциясының
БАЯНДАМАЛАР ЖИНАҒЫ

СБОРНИК МАТЕРИАЛОВ
X Международной научной конференции
студентов и молодых ученых
«Наука и образование - 2015»

PROCEEDINGS
of the X International Scientific Conference
for students and young scholars
«Science and education - 2015»

УДК 001:37.0
ББК72+74.04
Ғ 96

Ғ96

«Ғылым және білім – 2015» атты студенттер мен жас ғалымдардың X Халық. ғыл. конф. = X Межд. науч. конф. студентов и молодых ученых «Наука и образование - 2015» = The X International Scientific Conference for students and young scholars «Science and education - 2015». – Астана: <http://www.eni.kz/ru/nauka/nauka-i-obrazovanie-2015/>, 2015. – 7419 стр. қазақша, орысша, ағылшынша.

ISBN 978-9965-31-695-1

Жинаққа студенттердің, магистранттардың, докторанттардың және жас ғалымдардың жаратылыстану-техникалық және гуманитарлық ғылымдардың өзекті мәселелері бойынша баяндамалары енгізілген.

The proceedings are the papers of students, undergraduates, doctoral students and young researchers on topical issues of natural and technical sciences and humanities.

В сборник вошли доклады студентов, магистрантов, докторантов и молодых ученых по актуальным вопросам естественно-технических и гуманитарных наук.

УДК 001:37.0
ББК 72+74.04

ISBN 978-9965-31-695-1

©Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия
ұлттық университеті, 2015

употреблению и проговаривания, по крайней мере, вслух. Слово «смерть» предполагает негативное второстепенное значение. В русском языке не так много эвфемизмов к данному слову, но все же они имеют место быть.

Смерть – это последствие многих заболеваний, недомоганий, плохого самочувствия. Так, мы говорим: *Он совсем плох*, подразумевая, что человек болен, и нет надежды на его скорейшее выздоровление. Если мы хотим сказать о гибели и смерти: *ушел в мир иной, ее/его не стало*. Само слово *смерть* мы стараемся завуалировать, говоря при этом *кончина*. В медицине принято говорить *летальный исход*, придерживаясь этических норм. Так мы пытаемся создать некую «маску», изменяя слишком прямое значение. В случае, если не удалось спасти больного, медики, придерживаясь этических норм, говорят: *потерять больного*, то есть не справиться в борьбе с заболеванием и допустить смерти больного.

Можем смело утверждать, что тема болезней, смерти, похорон, являясь во все времена актуальной, интерпретируются только посредством эвфемизмов. Издревле, в русском языке существовало выражение *предать земле*, но мы ни в коем случае не можем сказать «закопать». В нынешнее время организацией похорон занимаются специализированные учреждения. Услуги, предоставляемые такими учреждениями, носят название *ритуальных*, что и является проявлением эвфемизации.

В заключении, можно отметить, что эвфемизм связан с вежливостью, этикой и моральной психологией человека. Все народы, проживающие на земле, имеют в своих языках слова, запрещенные к употреблению. По этой причине зародилось такое понятие, как эвфемизм. Эвфемизм играет главную роль в культуре языка и вызвана недостаточной изученностью сходств и различий слов, запрещенных к употреблению в трех языках: казахском, русском и китайском.

Список использованных источников

1. Воробьев В.В. Лингвокультурология: теория и методы. – М.: Изд-во Рос. ун-та дружбы народов, 1997. – 331 с.
2. ALLAN, Keith; BURRIDGE, Kate. Forbidden Words: Taboo and the Censoring of Language. New York: Cambridge University Press, 2006
3. ALLAN, Keith. Natural Language Semantics. 1st edition. Malden, MA: Wiley-Blackwell, 2001
4. WARDHAUGH, Ronald. An Introduction to Sociolinguistics. Malden, MA: Blackwell Publishing, 2006
5. ALLAN, Keith; BURRIDGE, Kate. Euphemism and Dysphemism: Language Used as Shield and Weapon. New York: Oxford University Press, 1991

ӘОЖ 811.581'373

ҚЫТАЙ ТІЛІНІҢ СИНОНИМДЕРІ. СИНОНИМДЕРДІҢ БӨЛІНУІ. ЖАҚЫН МАҒЫНАЛЫ СӨЗДЕР.

Қуанышбек Айнұр Мұханқызы

aynur.kuanyshbek@mail.ru

Л.Н.Гумилев атындағы ЕҰУ Филология факультеті Қытай тілі кафедрасының 3-курс студенті, Астана, Қазақстан

Ғылыми жетекшісі – Жылқыбекұлы Бекқожа

Синонимдер дегеніміз – мағыналары жақын, бірақ тұлғалары әртүрлі сөздер тобы. Кез келген тілдің дамуы оның сөз байлығынан, айналымдағы синонимдердің молдығынан көрінеді. Синоним ретінде қолданылатын мағыналас сөздер тобы синонимдік қатар деп аталады. Синонимдік қатардағы сөздер кейде қырықтан асады. Қарапайым синонимдік қатарларға мысал келтірер болсақ, олар: отан, атамекен, туған жер; әдемі, көркем, сұлу, әсем;

алыс, қашық, шалғай.

Қытай мемлекеті – әлемдегі көне өркениетті, мәдениеті теңдессіз, ғажайып ел болып қана қоймай, оның тілі де аса бай әрі құнарлы болып табылады, сондықтан ондағы синоним сөздердің аса молдығы таң қаларлық дүние емес.

Қытай тілінің синонимдері 2-ге бөлінеді: тең мағыналы сөздер (等义词) мен жақын мағыналы сөздер (近义词).

Мағыналарының бірдей немесе жақын болуына байланысты қытай тілінде синонимдер туралы 3 теория бар: араласу теориясы, жақын мағыналас сөздер теориясы, бөліну теориясы.

Біріншісі, араласу теориясы. Бұл теория бойынша, синоним сөздер мағынасы бірдей де, жақын мағыналы сөздерді де қамтиды. Ху Үйшудың «Қазіргі заман қытай тілі» еңбегінде айтылғандай: «тілде әртүрлі дыбыс формаларын пайдаланып, мағыналары бірдей немесе жақын мағыналы сөздерді тудыру синоним құбылысы деп аталады». Мысалы, «演讲» (сөз сөйлеу) мен «讲演» (сөз сөйлеу) сөздерінің мағыналары тура бірдей (тең мағыналы сөздер деп аталады), «拿» (алу) мен «取» (алу, ие болу, басқару) сөздерінің мағыналары толық бірдей емес (жақын мағыналы сөздер деп аталады). Теңдес сөздер «қай жағынан алып қарасаң да, мағынасы бірдей, тілде оңай бірінің орнына бірін алмастырып қолдануға болады», ал жақын мағыналы сөздердің мағынасында ортақтық та, айырмашылық та болады. Ортақтығы – жалпы мағынасының ұқсастығы, айырмашылығы – әрқайсының өзіне тән ерекшелігі болғандықтан, қолданылуы да әртүрлі. Араласу теориясы бізге синонимдер туралы жалпы көзқарасты тудырады.

Екінші теория – жақын мағыналы сөздер теориясы. Бұл теория мағынасы дәлме-дәл сөздердің бар болуын мойындамайды, мысалы, Ху Миншанның айтуы бойынша: «синонимдер дегеніміз, шын мәнінде, мағыналары ұқсас жақын мәнді сөздер, себебі, мағыналары бірдей теңдес сөздер бір тілдік жүйеде қатар өмір сүре алмайды». Сондықтан, кей кезде синонимдерді тікелей жақын мағыналы сөздер деп те атайды. Жақын мағыналы сөздер, бір жағынан, бір лексикалық мағынаның не көркемдік тұсының, не қолданылуының әр түрлі болуы; екінші жағынан, тіпті жоғарыда айтылған екі тұсы бірдей болғанның өзінде, бір синонимдік топтағы сөздер кейбір лексикалық мағынада бір-бірімен бірдей болса, басқа мағыналарында міндетті түрде айырмашылықтары көрінеді, сондықтан сөздің барлық мағынасы жағынан алып айтқанда, осындай сөздерді жақын мағыналы сөздер деп атайды. Жақын мағыналы сөздер теориясы бойынша, тілдің лексикалық жүйесінде мағынасы тура бірдей сөздер жоқ, мысалы, қазіргі қытай тіліндегі «音色» (ырғақ) мен «音品», «斧子» (балта) мен «斧头», «机关枪» (пулемет) мен «机枪», «叫喊» (айқайлау) мен «喊叫» сөздерін мағынасы жағынан алып қарағанда, олардың қандай да бір айқын айырмашылығын табу қиын. Сондықтан, Гы Быни былай дейді: «тілде тең мағыналы сөздердің болуы өте табиғи құбылыс, себебі адамдар әр түрлі көзқарастан сөз тудыратын іс-әрекет нәтижесін жасады, осылайша тілде үздіксіз сан түрлі тең мағыналы сөздер жасай алды». Осы тұжырымдамаларға сүйене отырып, біз теңдес сөздердің бар екенін мойындауымыз қажет.

Үшінші теория – бөліну теориясы. Бұл теория бойынша, синоним сөздер мен жақын мағыналы сөздердің бар болуын мойындай отырып, екеуінің арасындағы шекараны айқын белгілеу керек, оларды бір-бірімен шатастыруға болмайды, тіпті жақын мағыналы сөздер синонимдердің бір түрі деп санауға келмейді. Бүгінгі таңда осы теорияның ең ықпалды мүшесі – Хуа Шушин, ол былай дейді: «сөздер арасында мағыналардың түйісуі, бірдей мағыналы сөздердің байланысымен бірдей емес; жақын мағыналы сөздерді синонимдермен шатастыруға болмайды». Мысалы, «口味» (дәм, татым) сөзі «滋味» (дәм, сезім), «味道» (дәм, иіс) сөздерімен жақын мағыналас сөздер, бірақ синоним сөздер емес; «极力» (бар күшімен, барынша) сөзі «竭力» (барынша) сөзінің синонимы, бірақ «努力» (тырысып) сөзімен жақын мағыналы сөздер және ешқандай да тең мағыналы байланысы жоқ. Хуа Шушин: «тілдегі лексикалық мағыналары бірдей сөздерді синоним сөздер деп атайды. Жақын мағыналас сөздер грамматикалық мағынасы бірдей, лексикалық мағыналары ұқсас сөздер тобы» деп атауларды нақты белілеп береді. Жоғарыда айтылған екі ғалым синонимдердің де, жақын

мағыналы сөздердің де бөлінуімен келісіп, бөліну теориясының өкілдері болуда.

Араласу теориясы бойынша, кей кезде «жақын мағыналықтың» шекарасын айқын белгілеу қиын, сондықтан нақты бір сөздер тобының қайсысы синонимдерге жатады, қайсысы синоним бола алмайды деген мәселелер көптеген қайшылықтар туғызады. Жақын мағыналы сөздер толықтай «бірдей мағынаның» болуын жоққа шығарады, бұл тілдік ақиқатқа сәйкес келмейді. Бөліну теориясы тең мағыналы, жақын мағыналы сөздердің айырмашылықтарын көрсетіп берді, себебі жақын мағыналы сөздердің синонимдерден бөлініп шығуы араласу теориясы тұсынан алып қарағанда мүлде болымсыз. Синонимдердің белгіленген стандарты қандай? Бұл жөнінде ғылыми жұртшылықтың әлі де келіспеушіліктері бар. Мағыналардың сырттай стандарты себебінен, кейбір сөздерге анықтама беру әлі де болса қиын.

Біз синонимдер лексикалық жүйедегі лексикалық мағыналары бірдей, ал жақын мағыналы сөздер лексикалық жүйедегі лексикалық мағыналары ұқсас сөздер деп есептейміз. Лексикалық мағына мен ұғымдардағы бірдейлік синонимдердің негізін құрайды, сондай-ақ айыру синонимдері мен жақын мағыналы сөздер үшін де қалыпты болып табылады. «Лексикалық мағынаның бірдейлігі» кейбір лексикалық мағыналардың барабарлығын көрсетеді, «лексикалық мағыналардың жақындығы» болса, бір басты мағыналы бөлік немесе мазмұнды қорытындылай алуды көрсетеді, оның үстіне сөздің мағынасында міндетті түрде айырмашылық болады, бұл тілдік теорияны жетік меңгеруді және тіл ерекшеліктерін айыра білу қабілетінің болуын талап етеді. «Ұғымға сәйкестік» сөз мағынасындағы объективтік заттардың, құбылыстардың және қарым-қатынастардың арасындағы кейбір мағыналардың ерекшелігін немесе олардың жиынтығын көрсетеді. Ұғымға сәйкестік пен ұғымдар, бірдей ұғымдар, толығымен тең ұғымдар, бірдей қарым-қатынастағы ұғымдардың барлығы барабар емес, ұғымға сәйкестік дегеніміз ұғымның ерекше бөлігінің сөз мағынасында көрініс табуы, ол өте сирек толық ұғымды білдіре алады. Сөз, сөз мағынасы және ұғымдар арасында ұғымға сәйкестік оларды бір-бірімен жалғайтын байланыс. Біз тілдік ақиқаттан қалыпты жағдайдағы синонимнің лексикалық мағынасы мен ұғымға сәйкестігі бір-біріне тура келетінін байқай аламыз, бұл синонимдердің мағына ерекшелігінде көрінетін басты тұсы. Ал жақын мағыналы сөздердің әр мүшесі білдіретін мағына ішінара лексикалық мағынаға сәйкес келуі керек. Мысалы, «情形» мен «情况» сөздерінің лексикалық мағынасы «заттардың жағдайы» деген мағынаны білдіреді, ұғымға сәйкес сөздер «事物», «呈现», «样子», осылайша олардың лексикалық мағынасы мен сол ұғымға сәйкес сөздері толығымен бірдей, синонимдер болып табылады.

Синонимдер мен жақын мағыналы сөздер жиі бір-бірімен түйіседі, сондықтан оларды айқын ажырта білу керек. Төмендегі екі мысалда біз синонимдер мен жақын мағыналы сөздердің арасындағы байланысты көре аламыз, түсіндірмелері «Қазіргі қытай тілі сөздігіне» сәйкес берілген.

1. 旅馆(қонақүй): жолаушылар мен саяхатшыларды тұрақпен қамтамасыз ететін орын.

旅店: 旅馆.

旅舍: (кітаби тіл) 旅馆.

宾馆(қонақүй): келген қонақтарды қабылдайтын қоғамдық жер.

饭店(қонақүй, мейманхана): салыстырмалы түрде үлкен және жақсы жабдықталған қонақүй

2. 老师(ұстаз): мәдениет, өнерді үйретуші, құрметке ие адам

先生(ұстаз, мырза): 老师

教员(ұстаз, нұсқаушы): жұмыскерлерді оқытып-үйрететін адам.

教师 (оқытушы): 教员

师长 (жетекші, ақылгөй): оқытушыға құрметпен қолданылатын атау.

Жақын мағыналы сөздерді қолдану барысында олардың қайсыбірін қолдану ең орынды деген мәселе туындайды. Осы жағдайды шешу үшін төмендегідей амалдар қолданылады.

Жақын мағыналы сөздерді ажырату әдістері.

1. Көңіл-күйге қарай, сонымен қатар сөздің бағалаушылық мағынасына қарай ажырату. Мысалы, «顽强» (жігерлі) пен «顽固» (қырсық) сөздері, алдыңғысы жағымды мағынада, кейінгісі жағымсыз мағынада қолданылады.

2. Сөздің негізгі мағынасының жеңіл-ауырлығына байланысты ажырату. Мысалы, «破坏» (құрту) мен «摧毁» (қырып-жою) сөздері, екінші сөздің мағынасы біріншісіне қарағанда тереңірек.

3. Көлемінің үлкен-кішілігіне байланысты ажырату. Мысалы, «战争» (соғыс) мен «战斗» (шайқас) сөздері, алдыңғы сөздің кең көлемді білдірсе, кейінгісінің көлемі кішігірім.

4. Нақты мен жалпы мағыналарына қарай ажырату. Мысалы, «衣服» (киім) мен «衬衫» (жейде), «衣服» сөзі жалпы мағынада қолданылып, бүкіл киім атаулыны білдірсе, ал «衬衫» нақты атау, ол ұзын жеңді немесе қысқа жеңді, сондай-ақ ерлердің немесе әйелдердің жейдесін білдіруі мүмкін.

5. Объектінің әр түрлігіне байланысты ажырату. Мысалы, «沉重» мен «繁重», екеуі де ауырлықты білдірсе де, алайда «沉重» сөзі рухани немесе ойлаудың ауырлығын көрсетеді, ал «繁重» жұмыстың немесе тапсырманың санының көптігін білдіреді.

6. Путунхуа және диалекттен келгеніне байланысты ажырату. Мысалы, «讨饭» (қайыр сұрау) мен «乞丐», айырмашылығы ауызекі тілде және әдеби тілде қолдануында; «爸爸» (әке) мен «父亲», айырмашылығы сөздің ескі-жаңалығында; «薪水» (жалақы) мен «工资», айырмашылығы кірме сөз бен жергілікті тілдің сөзі болуында; «盐» (тұз) бен «氯化钠» (натрий хлориды), айырмашылығы күнделікті қолданылатын қарапайым сөз бен кәсіби сөздің болуында.

7. Біріккен нақышты сөздерді ажырату. Мысалы, «发挥» (даму, дамыту) мен «发扬» (даму, гүлдену, көркею).

8. Қысқарған сөздер, «清华大学» (Чинхуа университеті) мен «清华».

Қорытындылай келсек, синоним сөздер мен жақын мағыналы сөздерге нақты анықтамалар берілуі және егжей-тегжейлі зерттелуі тиіс, себебі бұл мәселе қазір теорияға ие әрі практикалық мәні зор.

Бұл мақалаға қосымша ретінде төменде қытай тілі синонимдерінің шағын кестесі беріліп отыр.

ҚЫТАЙ ТІЛІНІҢ СИНОНИМДЕР КЕСТЕСІ

Кесте-1

爱慕—喜爱 安然—安稳 遨游—游览 奥秘—神秘 懊悔—后悔
 报酬—酬劳 悲哀—悲伤 崩塌—倒塌 必然—必定 避免—幸免 便宜—廉价 培育
 猜测—推测 才干—才能 采用—采纳 诧异—惊诧 颤动—抖动 沉浸—沉醉
 惩罚—惩处 迟延—拖延 耻笑—讥笑 炽热—酷热 憧憬—向往 酬谢—答谢
 啜泣—抽泣 创造—制造 绰号—外号 慈悲—慈善 慈祥—慈爱 葱茏—葱郁
 聪明—聪慧 催促—督促 璀璨—明亮
 打扮—装扮 打搅—打扰 胆怯—害怕 淡忘—忘却 调皮—淘气 叮嘱—嘱咐
 陡崖—悬崖 妒忌—嫉妒 对付—应付 对照—对比
 恩赐—赏赐
 发布—公布 发誓—宣誓 发展—进展 繁殖—生殖 反抗—抵抗 防御—防备
 妨碍—阻碍 分量—重量 分外—格外 愤怒—愤慨 锋利—锐利 服侍—侍侯
 浮现—出现 赋予—给予
 告别—告辞 恭敬—尊敬 估计—估量 鼓励—鼓舞 固然—当然 故意—有意
 关心—关怀 管理—治理 贯通—贯穿 瑰宝—珍宝
 含糊—模糊 寒冷—严寒 和蔼—和气 宏伟—雄伟 欢跃—喜悦 环绕—围绕
 荒芜—荒凉 回顾—回忆 汇集—汇合 获取—猎取 祸患—祸害
 机灵—灵巧 积累—积存 即将—马上 疾驰—飞奔 寄托—寄予 讥笑—嘲笑
 坚固—牢固 坚毅—坚强 艰苦—艰难 艰难—困难 建造—建筑 交织—交错
 娇嫩—柔嫩 节制—克制 竭力—尽力 解救—拯救 谨防—防备 谨慎—慎重
 惊险—危险 精密—周密 精致—精巧 敬仰—仰慕 境界—境地 居然—竟然
 绝望—无望

Қолданылған әдебиет

1. Ху Үйшу. Қазіргі заман қытай тілі. – Шанхай: Шанхай ағарту баспасы, 1987.
2. Хуаң Божоң, Лияо Шүйдоң. Қазіргі заман қытай тілі. – Бейжің: Жоғарғы ағарту баспасы, 1997.
3. У Джанкун, Ваң чин, Қазіргі заман қытай тілі лексикасының негізгі принциптері. – Хух-хото: Ішкі монғол халықтық баспасы, 1983.
4. Джоу Үйкун. Синонимдер мен жақын мағыналы сөздердің бөлінуі. – Цзинань: Шандоң халықтық баспасы, 2001.

ӘОЖ 811.581'372

ИДИОМАЛАРДЫҢ ҚЫТАЙ МӘДЕНИЕТІНДЕ КЕҢ ТҮРДЕ ҚОЛДАНЫЛУЫ

Қазбек Ақтоты

aktoty_kazbek@mail.ru

Л.Н.Гумилев атындағы ЕҰУ «Шетел филологиясы: қытай тілі» мамандығының II курс студенті

Ғылыми жетекшісі: Тойбол Қарақат

Ұлттар арасындағы қарым-қатынас пен өзара түсіністік күн өткен сайын көкейкесті мәселеге айналып жатыр және де бірінші орынға өзіндік ерекшелік пен мәдениеттегі айырмашылық шығады. Кез-келген шетел тілін оқып-үйренген кезде сол елдің мәдениетіне, тарихына үлкен мән беру қажет, себебі, тек тілді ғана үйреніп қоймай, сол ұлттың дәстүрін, әдет-ғұрыптарын білу абзал.

Қазақ студенттерінің қытай тілін оқып үйренуінің барысында көптеген қиыншылықтар туындайды. Оның бір себебі Қытай мен Қазақстан мәдениеттерінің бір-бірінен алшақ болуында. Ол үшін студент санасы кезеңдеп қалыптасуы қажет. Оқушының шығармашылық